Исх. № 4360-24-5-29/3388 от 05.03.2024, Вход № от

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 қаңтар №4360-23-00-2/3406 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Алия Маратовна Куптлеуова дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

3
4

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті мемлекеттік мекемесінің жауапкер Алия Маратовна Куптлеуова дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Алия Маратовна Куптлеуова дара кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Алия Маратовна Куптлеуова дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 1 431 (бір мың төрт жүз отыз бір) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 768 (бір мың жеті жүз алпыс сегіз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 20.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 04.03.2024, судья Еламанов Н. Б., 04.03.2024
4360-23-3-1/3567

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Көшірме дұрыс

Судья **Н.Б. Еламанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 04.03.2024 жылы енді.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Подпись канцелярии
05.03.2024 11:44 ЗАДАЕВ ҚОЛҒАНАТ
Подпись руководителя
05.03.2024 11:17 ЕЛАМАНОВ НҰРЛАН

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 20.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2024, судья Еламанов Н. Б., 04.03.2024